

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP FW1 фитнес сағаты



Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастаудан бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат пен өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстар көрсетілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Фитнес сағаты күнді, уақытты, хабарландыруларды және басқа ақпаратты көрсетуге және әртүрлі физиологиялық көрсеткіштерді қадағалауға арналған.


Сақтық шаралары

1. Құрылғымен біліксіз манипуляциялар (түрлендірулер, жөндеу және т.б.) құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін. Кепілдік бойынша тегін қызмет көрсетуді пайдалану құқығынан айырылмау үшін құрылғының корпусын өз бетіңізше ашпаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

2. Құрылғыны суға батырмаңыз.
3. Бұл құрылғы радиосигналдарды шығарады және қабылдайды, олар жағымсыз кедергілерге немесе құрылғының жұмысындағы ақауларға әкелуі мүмкін. Радиосигнал интерференциясының нәтижесінде жұмыста ақаулар пайда болса, осы құрылғы мен қабылдағыштың (радио/ТД) арасындағы қашықтықты арттырыңыз, құрылғы мен қабылдағышты бір розеткаға қоспаңыз. Проблема шешілмесе, кеңес алу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
4. Аккумулятордың жарылуын болдырмау үшін құрылғыны ашық жалынның әсерінен қорғаңыз.
5. Құрылғыны қатты соққыдан және жоғары температурадан қорғаңыз.

Құрылғы схемасы

1. Бау.
2. Қосу/өшіру/артқа түймесі.
3. Экран.
4. Корпус.



Пайдалануға дайындау

Алғаш рет пайдаланудан бұрын құрылғыны зарядтаңыз. Кәбілді құрылғының артқы жағында орналасқан зарядтау құрылғысына арналған контактілерге қосыңыз.

Қосымшаны орнату

Смартфоныңыздың операциялық жүйесіне байланысты App Store немесе Play Маркет қосымшалар дүкенінен «M2 Wear» қосымшасын жүктеп алыңыз. Сондай-ақ қосымшаны жүктеп алу үшін оң жақтағы QR кодын пайдалануға болады.

Қосымшаны ашып, смартфонда Bluetooth функциясын қосыңыз. «Добавить устройство» (Құрылғыны қосу) түймесін басыңыз, құрылғының атауын табыңыз және қосылыңыз. Android жүйесін пайдаланатын смартфондарда құрылғыны табу үшін GPS функциясын қосу керек.





Ескертпе: мобильді телефон мен Bluetooth құрылғысы арасындағы байланыс кейде үзілуі мүмкін. Смартфондағы Bluetooth функциясын өшіріп қосып, сағатқа қайта қосылу керек.

Мәзір бойынша навигация

Қосу/өшіру түймесі: дисплейді қосу/өшіру үшін қысқа басу, құрылғыны қосу және өшіру үшін ұзақ басу. Мәзірге өту үшін циферблатта оң жақтан сол жаққа жүргізіп өтіңіз, хабарландырулар интерфейсіне өту үшін сол жақтан оң жаққа жүргізіп өтіңіз.

Сағат интерфейсін таңдау: таңдау үшін интерфейстер көрінгенше экранды басып тұрыңыз. Қажетті тұсқағаздарды таңдау үшін саусақпен солға және оңға жүргізіп өтіңіз және таңдауыңызды растау үшін экранның төменгі жағындағы «Ок» түймесін басыңыз.



Негізгі функциялар

- Қоңыраулар: смартфонға қосылып, фитнес сағатының көмегімен қоңырау шалыңыз.
- Телефон кітабы: контактілер тізімін синхрондау.
- Қоңыраулар журналы: қоңыраулар журналын синхрондау.
- Хабарландырулар: хабарларды синхрондау (iOS 12 және одан кейінгі нұсқасында әдепкіде хабарлар туралы хабарландырулар блокталады).
- Bluetooth: қосу және өшіру үшін құрылғыларды іздеу.
- Тамырдың соғуын қадағалау: тамыр соғуының жиілігін автоматты түрде өлшеуді қосыңыз, 20 секундтан кейін құрылғы ағымдағы тамыр соғуын көрсетеді.
- Шам: шам ретінде жарық экран пайдаланылады. Қосылғаннан кейін ол тағып жүргенде жарық береді.
- Мәзір тілі: құрылғының мәзірінде тілді таңдау.
- Дыбыс деңгейі: әртүрлі жағдайлар үшін сағаттың дыбыс деңгейін орнатыңыз.
- Әуен: әртүрлі жағдайлар үшін әуенді орнатыңыз.
- Bluetooth арқылы камераны басқару: телефон блоктан шығарылса, сағат камераны Bluetooth арқылы басқара алады. Телефонда камера ашылғанда, суретке түсіру үшін сағатта камера белгішесін басыңыз, сурет телефонда сақталады.
- Bluetooth арқылы музыка: музыканы басқарыңыз және оны телефоныңыздан тыңдаңыз
- Телефонды іздеу: сағат телефонға қосылған болса, телефонды қоңырау әуені арқылы таба аласыз.
- Оятқыш: Оятқышты орната аласыз.

- Күн мен уақыт: сағатта күн мен уақытты орнату.
- Күнтізбе: күнтізбені қарау.
- Реттеулер: әртүрлі реттеулерді орындауға болады.
- Дауыстық көмекші: басқару үшін экранды басып тұрыңыз.
- Ұйқыны бақылау: ұйқы сапасын бақылау және талдау.

Қызмет көрсету және күтім жасау

1. Сенсорды тырнамаңыз және экранды зақымдалудан қорғаңыз.
2. Құрылғыны ылғал матамен сүртіңіз. Ласты кетіру үшін сабын ерітіндісін пайдаланыңыз.
3. Құрылғыны тазалау үшін ешқашан спиртті, еріткішті, бензолды немесе басқа еріткіштерді және абразивтерді пайдаланбаңыз.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері

Телефонды іздеу орындалмайды.

Сағаттың смартфонсызға қосылғанын және басқа мобильді телефондарға қосылмағанын тексеріңіз. Сағатты смартфонға жақындатып, іздеуді қайталаңыз. Құрылғы телефонды таппаса, телефонда Bluetooth функциясын 20 секундқа өшіріп, қайта қосыңыз және іздеуді қайталаңыз.

Bluetooth әрқашан қосылуы керек пе? Ол өшірілген болса, деректер сақтала ма?

Деректер фитнес сағатында сақталуы мүмкін, бірақ сағаттың жады шектеулі және деректер бір аптадан ұзақ сақталмайды, кейін олардың орнын автоматты түрде жаңа деректер алады. Смартфон сағатқа қосылса, ақпарат сағаттан телефонға автоматты түрде жүктеледі.

Ескертпе: Bluetooth қосылған болса, қоңыраулар мен хабарлар туралы хабарландырулар сағатта көрсетіледі, ал оятқыш туралы еске салу Bluetooth функциясын қоспай-ақ жұмыс істейді.

Құрылғы зарядталмаса не істеу керек?

Зарядтау кәбілінің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.

Ескертпе: зарядтау құрылғысы қосылғаннан кейін сағат дереу зарядтау күйіне өтеді; егер дисплей өшірулі болса, зарядтау күйіне өту 3–5 минут уақытты алады.

Сағатты ұзақ уақыт тағу организмге зиян келтіре ме?

Фитнес сағатын ұзақ уақыт тағу денсаулыққа зиян келтірмейді.

Техникалық сипаттамасы

- Үлгісі: FW1.
- Экран: 1,54" IPS, ажыратымдылығы 240 x 240.
- Bluetooth нұсқасы: 4.0.
- Батарея: литий-полимерлік, 3,7 В, 180 мА·сағ.
- Қорғаныс класы: IP67.
- Операциялық жүйемен үйлесімділік: Android, iOS.
- Қадамөлшегіш.
- Ұйқыны қадағалау.
- Тамырдың соғуын өлшеу.
- Хабарландыруларды көрсету.

Жиынтық

- Фитнес сағаты.
- Зарядтау кәбілі.
- Пайдаланушыға арналған нұсқаулық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы -10°C және 50°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Үй-жайларда коррозияны туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласу немесе құрылғыны утилизациялау керек.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және утилизациялау үшін оны тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына тапсыру керек. Бұл өнімді дұрыс утилизациялауды қамтамасыз ету арқылы, табиғи ресурстарды үнемдеп жұмсауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда болуы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиянды болдырмайсыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Томстар Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Кеңселер: 2110, 2111, 2112, 2113, 2115, 2116, 21-қабат, Хуафэн халықаралық коммерциялық ғимараты, 4018-үй, Баоань даңғылы, Сисян қосалқы ауданы, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Бұйымның сыртқы көрінісі мен оның сипаттамалары сапаны жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



v.1

Жазбалар үшін

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:


<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

www.dexp.club


Құрылғыны смартфонға қосу

Құрылғыны Bluetooth арқылы смартфонға қосқанда қолжетімді құрылғылар тізімінде экранда «Dexp FW1» деп аталатын 2 құрылғы бірден көрінеді. Фитнес сағат дұрыс жұмыс істеуі үшін көрсетілген құрылғылардың екеуімен де байланыс орнату керек (1-сурет).

Сонан кейін қосылған құрылғылар тізіміндегі «Dexp FW1» атауын басу арқылы қосылым параметрлеріне кіріңіз және сағатқа хабарландыруларға және телефондағы контактілер тізіміне қол жеткізуге рұқсат етіңіз (2-сурет).



1-сурет



2-сурет